

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.34-35

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТҮГЕНДЕУДІ ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Әбдіғали М.Е.

Қазіргі кезде заман талабына сай әрбір салада инновациялық технологиялар енгізілуде, осыған орай ауыл шаруашылық жерлерін түгендеуді геоақпараттық жүйені қолдану арқылы жүргізу заман талабына сай өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жер қатынастарының дамуы жерлерді жеке меншікке бере бастағаннан соң кең орын ала бастады. Қазақстан Республикасының жер пайдаланушылардың өздерінің негізгі мақсаты ауыл шаруашылығы жерлерінің беделін сақтау және жерлердің құнарлығын сақтап қалу, орман қорларын қалпында ұстау үшін экологиялық, құқықтық, қоғамдық және басқа да жағдайларды жетілдіру болып табылады.

Елбасы жариялаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының негізгі бөлігі экономикалық шараларға арналған немесе 100 қадамның 50-і экономика саласын қамтиды. Осы үшінші реформа аясында ауыл шаруашылығына ерекше назар аударылған.[1]

Бұл түсінікті де, себебі бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тамақ өнімдерінің ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде.

Осы орайда елдің қауіпсіздігін, оның ішінде азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өмірдің өзі алға тартып отыр. Ал елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қолда бар жер ресурстарын тиімді пайдалануға тәуелді екендігі дау тудырмайды.

Осыған байланысты Елбасы Ұлт жоспарындағы экономикалық блоктың 35 және 36 қадамдарында ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану, кәдеге аспай жатқан, яғни өз мақсатында пайдаланбай жатқан жерлерді мемлекеттік қорға алып, оларды нарықтық айналымға енгізу, аграрлық салаға инвестициялар тарту міндетін қойып отыр.

Республикалық, облыстық және аудандық деңгейлерде көрсетіліп отырған қаржылық қолдаудың нәтижесінде соңғы 3-4 жыл көлемінде жер қорын пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылуда.

2011 жыл 12 қаңтар Қазақстан Республикасының Президентінің қатысуымен өткен жиналыстың № 01 – 7.1. хаттамасының негізінде жер ресурстарын басқару Агенттігіне ауыл шаруашылық жерлерін түгендеу жұмысы тапсырылды.

Республикалық бағдарлама аясында 2012-2014 жылдар аралығында облыстың ауыл шаруашылық жерлерін түгендеу жұмыстары аяқталды.

2012 жылда бұл жұмыстардың 30 пайызы орындалды, яғни үш жылға жоспарланған 90 млн.га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 30,6 млн.га жеріне түгендеу жүргізілді. Түгендеудің мақсаты ауыл шаруашылық жерлерін дұрыс тиімді пайдалану жолдарын анықтау, пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап шара қолдану болып табылады.

Түгендеу, барлық ауыл шаруашылығы ұйымдарда, шаруа және фермерлік қожалықтарда меншік және шаруашылығы (бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін азаматтарға берілген жерден басқа) жүргізу формасына тәуелсіз жер пайдаланудағы кадастрлық кварталдар бойынша жүргізіледі.

Жерлерді түгендеу бойынша жұмыстар көлемі, ауданмен, олардың жинақтарымен, оның ішінде алдын –ала облыспен және республикамен белгіленген бойынша жыл сайынғы жұмыстарды аяқтаудың қаржылық жоспарына сәйкес атқарылады.

Ақмола облысы бойынша жалпы жер алқаптарының ауданы 2015 жылдың 1 қарашасындағы жылдық жер балансына сәйкес 14,6 миллион гектарды құрады. Оның ішінде 10,6 миллион гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер болса, 5,6 миллион гектары егістік те, 4,3 миллион гектары жайылымдық. Ал жеке тұрғын үй құрылысына берілген жер телімдерін түгендеу барысында пайдаланылмай жатқан 9 мыңдай телім құрады. [2]

Жоғарыдағы жұмыстарды қолайландыру, сонымен қатар, кезеңді түрде түгендеу жүргізуді қадағалау үшін бұл жұмысты автоматтандыру қажеттілігі туындайды. Белгіленген бір ауылшаруашылық түгенделген жерлерді геоакпараттық жүйелерде, оларды сызықтық қабаттар арқылы көрсете отыра, қай жерлердің түгендеуден қаншалықты өткенін, қай уақытта өткенін көре ғана қоймай әр жер теліміне басқан кезде жүйенің көмегімен сараптау жұмыстары және сандық, атрибуттық қабаттары арқылы есептік нысандарын жасау мәліметтердің тез, әрі тиімді болуына қол жеткізуіміз қажет деп ойлаймын.

Елбасы өз жолдауында Қазақстан –үшқан құстың қанаты талатын ұлған-ғайыр аумақтың иесі екендігін атап өтті. Сондықтан заман талабына сай инновациялық технологияларды қолдана отыра, басты байлығымыз болып табылатын жер ресурстарын тиімді - пайдалану басты стратегиялық бағыттардың бірі болып табылатындығын ескеруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. 29 сәуір 2015 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кірісу рәсімінде сөйлеген сөзі «100 нақты қадам» .[http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/page_219947_]

2. Ақмола облыстық жер қатынастары// <http://ortcom.kz/news/aqmola-oblisinda-gerlerdi-tyugendeu--jyimistari-juurgizilude.2066>//Ақмола жер қатынастары басқармасының басшысы Малғаждар Таткеев ortcom.kz сайтына берген сұхбатында.

3.. Техническая инвентаризация основных фондов жилищно-коммунального хозяйства. М.: Стройиздат, 1978.

4. 2011 жыл 12 қаңтар Қазақстан Республикасының Президентінің № 01 – 7.1. хаттамасы.

5. Курманова Г.К. Методические указания Астана 2013

6.Г.П.Коваленко «Техническая инвентаризация недвижимого имущества» Алматы/Жеті жарғы

7. Әлипбеки, О.Ә., Табынбаева, Л.К. Жер мониторингі : Оқу құралы. - Алматы: Агроуниверситет, 2009. - 90б. -ISBN 978-601-257-003-8.

8. Washington state.Recreation and Conversation office//July 2014// Upbated August 2014//POBox40917//Olympia WA98504-0917//www.rco.wa.gov

9. Effective and Transparent Management of Public Land Experiences, Guiding Principles and Tools for Implementation 1) Willi ZIMMERMANN, Germany.

10.Рзабай, А.И., Жарылқасынов, А.Р. Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің ерекшелігі және оны құқықтық жолмен реттеу 2011. - 135-137 б. -. -ISBN 9965-37-092-3.

Ғылыми жетекшісі э.ғ.к. А.Е. Бектурганова